

Шығыс Қазақстан облысы
Тарбағатай ауданы.
Тұғыл ауылы.
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
«Мұрагер» тобының
ата-аналар жиналысының

№1 хаттамасы

« 16 » қыркүйек 2021 жылы

Қатысқаны: 21

Қатыспағаны: 4 себепті

Күн тәртібінде:

- 1.Ата-аналарды 2021-2022 оқу жылының жоспарымен таныстыру.
2. Топтың ата-ана құрамын сайлау.
3. Баяндама: «Баланың балабақшаға бейімделуі».
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалады:

1.Ата-ана жиналысы карантин жағдайына байланысты , онлайн форматта whatsapp желісінде өтті.

Бірінші мәселе бойынша бала бақша әдіскері сөз алды. Әдіскер Н.Емышева топтағы ата-аналарды және топ тәрбиешілері З.Абилжанова және Г.Касайнова мен таныстырды.Тәрбиеші Касайнова.Г жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырып өтті.Ұйымдастырған оқу қызметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінің айтты.

2.Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері балалар тізімін таныстырып, жаңа оқу жылына байланысты, ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлауға шақырды.Ата-аналар бірауздан комитеттің төрайымы: Хамзина Ақмарал, мүшелеріне: Кауметова.Динара, Икласова Бақыт,

Хатшысы : Амангазина Шолпанды сайлансын деп шешті.

3.Келесі кезекте осы балабақша психологы Демесинова.Г.С ата-аналарға «Баланың балақшаға бейімделуі» жайлы әңгімеледі.

Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Икласова Бақыт баяндама мазмұның дұрыс айтылғанын айтты. Сөз кезегін тәрбиеші Г.Касайнова алып ата-аналарға бала тәрбиесінде қажетті кеңестер берді.

4.Келесі мәселе бойынша тәрбиеші З.Абилжанова балабақшаға келерде балалардың өз бас жұмысы болатынын айтып,ол құжатқа қандай нақты құжаттар кірет екенін түсіндіріп өтті.Осы құжаттарға жеке-жеке тоқталып ,ата-аналарға қайталанып түсіндірме жұмысын жасап өтті.Соның ішіндегі ең бір маңыздысы келісім шартпен қайта таныстырып, ішіндегі әрбір бөлімдеріне жеке-жеке тоқталып өтті.Қолхатты да қайталап жаздырып,өз келісімдерін алды. Сонымен қатар қазіргі мына болып жатқан пандемияға қарсы,сақтық шараларын қатаң түрде орындау,яғни масканы уақытында ауыстыру ,қолдарын антисептик пен жуып отыруларына ескерту жасалды.Балабақшаға келерде ыстықтарын өлшеп келулерін айтып түсіндірді және әр баланың ауыстыратын киімдерінде белгі болу керектігін айтып өтті.

Жиналыс шешімі:

- 1.Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талаптары өз деңгейінде орындалсын.
- 2.Ата-аналар шешімімен келісім шартпен танысып,балаларды уақытымен балабақшадан алып кетуге ,баланың тазалығына ата-анаға міндеттелсін. Ата-ана комитетінің төрайымы: Хамзина Ақмарал, мүшелеріне: Кауметова.Динара, Икласова Бақыт, Хатшысы : Амангазина Шолпан сайлансын .
- 3.Баяндама тыңдалып,талқыланды ата-аналар өз ойларын айтып өтті.
- 4.Ата-аналарға баланың тәрбиесіне қажетті кеңестер берілді.

Жиналыс төрайымы: Хамзина Ақмарал /
Хатшысы: Амангазина Шолпан /




Шығыс Қазақстан облысы
Тарбағатай ауданы.
Тұғыл ауылы.
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
«Мұрагер» тобының
ата-аналар жиналысының

№2 хаттамасы

« 03 » желтоқсан 2021 жылы

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 7 себепті

Күн тәртібінде:

1. Баяндама «Отбасы-тәрбие бастауы».
1. Ата-аналарға кеңес: «Үш жастағы кризис»
2. Кеңес: « Ата-аналар сіздер үшін»
3. Сауалнама : «Тұмаудың алдын алу»
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалады:

1. Ата-ана жиналысы карантин жағдайына байланысты , онлайн формата whatsapp желісінде өтті.

Тәрбиеші З.Абилжанова «Отбасы-тәрбие бастауы» атты баяндама оқып таныстырды.Баяндамада ,бала отбасында ата-анасына қарап өседі.Бүгінгі таңдағы қоғам ата-аналарға үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр.Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзін «Ең алдымен дені сау,ұлттық сана сезімі оянған,рухани ойлау,дәрежесі биік,мәдениетті, парасатты,еібекқор адамды тәрбиелеу.Отбасы тәрбиесінің мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсінік болып табылады,яғни «ұяда не көресін,ұшқанда соны ілесің» ,деп айтып өтті. Ата-аналар бала тәрбиесі туралы өз ойларын айтты.

2. Медбике Кумашева.А тұмаудың алдын алу шараларын атап өтті.Науқас адаммен байланыста болмау,болған жағдайда бетперде тағу,қолды сабынмен жуу,жөтелгенде,түшкіргенде мұрын мен ауызды жабу,көп адам

жиналған жерге бармауға тырысу, бөлменің ауасын жиі тазарту. Тұмауға қарсы екпе салдырту жайында айтып өтті.

Г.Касаинова «Үш жастағы кризис» туралы ата-аналарға кеңес берді.

Біріншіден бұл дағдарыс баланың өтпелі кезеңіне байланысты. Бала психологиясында бұл кезеңде жаңа құрылымдар мен саналы ерекшеліктер пайда болады. Үш жастағы дағдарыстың екінші көрінісі - қырсығу болады. Жағымсыздық қырсығудан, қасарысудан өзгеше қылық.

Үшінші сәт баланың қыңырлық кезеңі. Қыңырлық жеке бастың ерекшелігі емес, жағымсыз қылықтар, балалық қандай болсын ересектерге қарсы бағытталған әрекеттері болып табылады.

3. Әр түрлі мәселелер.

Балалардың тазалығы, балабақшаға қалмай келуі, балалардың тәрбиесін назардан тыс қалдырмау, төлемақы.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге шыққан ата-ана Хамзина Ақмарал айтылған мәселелердің барлығын тыңдап, өз пікірін білдіріп ата-аналар атынан тәрбиешілерге алғысын білдірді. Балабақша балаларға өте тиімді орын екенін айтты. Сондықтан тәрбиешілермен тығыз байланыста болып оларға қолдарынан келгенше көмек беретінін айтты. Жарыс сөзге шыққан ата-ана балабақша талабын орындау және себепсіз қалдырмау, ата-ана жиналысына түгелдей қатысып тәрбиешілермен тығыз байланыста болу керек деді.

Жиналыс шешімі:

1. Отбасында ата-аналарға, баласын тәрбиелі, мәдениетті, парасатты, еңбекқор бала тәрбиелеу жүктелсін.

2. Бала дәрігерінің кеңестері, тұмаудың алдын алу жолдары ескерілсін.

Баланың кризистік кезеңдеріне байланысты, психологиялық кезеңде жаңа-жағымсыз қылықтары болмауы қаралсын.

3. Ата-аналар балабақшамен тығыз байланыста болып, тәрбиешілермен бірге жұмыс жасасын.

Балалардың балабақшаға таза, ұқыпты келуі керектігі ата-аналарға міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы: Хамзина Ақмарал

Хатшысы: Амангазина Шолпан

 /
 /

Шығыс Қазақстан облысы
Тарбағатай ауданы.
Тұғыл ауылы.
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
«Мұрагер» тобының
ата-аналар жиналысының

№3 хаттамасы

«1» наурыз 2022 жылы

Қатысқаны: 20

Қатыспағаны: 5 себепті

Күн тәртібінде:

1. Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.
2. Медбикенің кеңестері.
3. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалады:

1.Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Касаинова.Г.З балаларға өтілетін ертеңгілік іс-шараларымен таныстырп өтті және карантинге байланысты, ата-аналар ертеңгілікті онлайн форматта ғана көре алатынын айтып өтті.Наурыз мерекелерін тойлауға,ертеңгіліктер өткізуге ата-аналар тарапынан көмек көрсетулерін,балаларға бағдарламаға қарай биге киім,қазақы жабдықтар туралы айтып өтілді.Мереке туралы ата-аналардан пікір,ұсыныстар тыңдалды.Ата-аналар бір ауздан наурыз мерекесіне ат салысып қатысамыз деп шешті.

2. Екінші мәселе бойынша дәрігер А. Кумашева сөз алды.Ол бала өмірінің жауапты да,жауапкершілікті талап ететінін ,олардың денсаулығына үнемі қадағалап,дер кезінде емдетіп отыруларын талап етті.Көптеген кеңестер оқылып айтылды.Ата-аналар өздерінің көкейітесті мәселелерін,балалар туралы сұрақтар қойылып,жауаптар қайтарылды.Өзара пікір-талас болды. Ата-аналар бала тәрбиесі туралы өз ойларын айтып өтті.



3. Әр түрлі мәселелер.

Ата-ана М. Солтабаева өз баласының мінезін өзгеруіне байланысты,баламен жұмыс жасауларын сұрады.Ата-ана тілегін орындауға,бала өзгерісінің шешімін табуға,көмектесуге болатынын

түсіндірілді.Төлем ақы жайында айтылды.Ата-аналар сонымен бірге тәрбиешілерге жақсы тілектерін айтып,ризашылықтарын білдірді.Балаларының оқыту мен тәрбиеленудегі үрдістерін жақсылығын,талай бала бойынан жетістіктерді көргендерін айтып,пікір алмасты.

Жиналыс шешімі:

- 1.Ертеңгіліктің өз денгейінде өтуін қадағалау тапсырылсын.
- 2.Бала дәрігерінің кеңестері жиі тыңдалсын.
3. Бала-бақшада жақсы жетістіктер көп болсын.

Жиналыс төрайымы: Хамзина Ақмарал /  /
Хатшысы: Амангазина Шолпан /  /

Шығыс Қазақстан облысы
Тарбағатай ауданы.
Тұғыл ауылы.
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
«Мұрагер» тобының
ата-аналар жиналысының

№ 4 хаттамасы

« 10 » мамыр 2022 жылы

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 7 себепті

Күн тәртібінде:


1. Ата-анамен бірлескен жұмыстар.Оқу жылының қорытындысы.
- 2.Баяндама «Гүлді қиял».
3. Әр түрлі мәселелер.


Тыңдалады:

- 1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Абилжанова.З.М және Касаинова.Г.З ата-аналармен бірлесе отырып, балабақша ауласына гүлдер,тал егу және мүсіндер жасау керектігін айтты. Оқу жылының қорытындысын тәрбиеші Абилжанова.З таныстырды.
2. Баяндама «Гүлді қиял» акциясы тәрбиеші Абилжанова.З оқып гүлдің адам өміріне пайдасы,гүл-өмірінің сәні туралы ақып баяндады.Табиғатты сүйуге,әдемілікке деген құштарлықты оятып,елімізді жасыл желекке айналдырып,гүлденуіне үлес қосуға керектігі жайында айтып өтті.Гүлдердің де біздер сияқты пайда келтіретіні жайында баяндады.
3. Әр түрлі мәселелер.
Медбике А.Кумашева балалардың тазалықтары туралы айтып өтті.Балалардың шашатары,тырнақтары және киімдерінің тазалықтары жайында айтып өтті.
Тәрбиеші Г.Касаинова балабақшаға қалмай келуі,балалардың тәрбиесін назардан тыс қалдырмау,төлемақысын әр айдың 10 күні төлеп біту керектігін ескертті.Ата-аналар өз тарапынан,балалардың өнерлі,тәрбиелі,әрі білімді белсенділігі тәрбиешілердің еңбегі екенін,айтып,бағалап,тәрбиешілерге шексіз алғыстарын білдірді.

Жиналыс шешімі:

1. Ата-аналармен бірлесе отырып балабақша ауласына гүлдер, тал егу және мүсіндер жасау тапсырылсын.
2. Айтылған ұсыныстар мен ойлар ескерілсін.
3. Балабақшаға төленетін төлем ақы дер кезінде төленулері талап етілсін. Балалардың балабақшаға таза, ұқыпты келу керектігі ата-аналарға міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы: Хамзина Ақмарал /  /

Хатшысы: Амангазина Шолпан /  /